



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

новизну, загадку и непредсказуемость, что, несомненно, привлекает, как учителей, так и учащихся. Сколько продлится эта новизна сложно сказать, но пока QR-коды остаются чем-то необычным для большинства учащихся, нам стоит воспользоваться этой возможностью.

Список литературы:

1. Артюхина М.С., Артюхин О.И., Клешнина И.И. Аппаратная составляющая интерактивных технологий образовательного назначения // Вестник Казанского технологического университета. – 2014. – Т. 17. – № 8. – С. 308-314.
2. Как использовать QR-коды в школе? <http://didaktor.ru/kak-ispolzovat-qr-kody-v-shkole/>
3. Как распознать QR код? <http://youtu.be/QCQ2tA9vUrE3>.
4. Креативный код. <http://pavlozavr.ru/2012/01/qr-kod-27>.
5. Что такое QR-код? <http://youtu.be/O0IKgc8PW0M2>.
6. 20 способ использования QR-кода. <http://www.lookatme.ru>
7. QR-коды в образовании: для контрольной, домашнего задания и перемены. – Режим Доступа: <http://www.edutainme.ru>.

УДК 373.14

ИННОВАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ МУЖАЛИМНИЦ КАСИБИ ШЕБЕРЛИГІН ДАМУДУЫҢ НЕГІЗІ

Майшина Анар Касымбековна,

бастауыш сынып мұғалімі

Омарова Ляззат Акбасовна,

бастауыш сынып мұғалімі

«Қостанай қаласы білім бөлімінің

№15 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қостанай қ, Қазақстан

Аннотация

Өзектілігі мен мақсаты: Қазіргі таңда жан - жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, өз бетімен ізденуге қабілетті етіп қалыптастырудың бірден - бір жолы оқушыны шығармашылыққа жетелеу. Бұл мұғалімнен терең біліктілікті қажет етеді. Себебі шығармашыл ұстаз ғана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады. Бүгінгі қазақстандық мектептерге қоғамның қарқынды дамуына ілесе алатын заман талабына сай ойлайтын ғылыми әдістемелік білімі жеткілікті, педагогика мен психологияны жақсы меңгерген ізденімпаз мұғалім қажет. Бұл мұғалім кәсіби шеберлігінен көрінеді.

Түйінді сөздер: инновация, кәсіби шеберлік, жаңа технология, шығармашыл тұлға.

Аннотация

Актуальность, цель: На сегодняшний день одним из путей формирования всесторонних, глубоких знаний, высокого интеллектуального уровня, способного к самостоятельному поиску является приобщение учащихся к творчеству. Это требует от учителя глубоких знаний. Ведь только творческий педагог может сформировать творческую личность. Сегодняшним казахстанским школам необходим поисковый учитель, способный обеспечить динамичное развитие общества, умеющий мыслить в соответствии с современными требованиями, обладая научно-методическими знаниями, глубоким знанием педагогики и психологии. Это проявляется в профессионализме учителя.

Ключевые слова: инновация, профессионализм, новые технологии, творческая личность.

Abstract

Relevance: Today one of the ways to form a comprehensive deep comprehensive, deep knowledge, high intellectual level, capable of independent search is the introduction of students to creativity. This requires deep knowledge from the teacher. After all, only a creative teacher can form a creative personality. Today's Kazakh schools need a search teacher who is able to ensure the dynamic development of society, able to think in accordance with modern requirements, possessing scientific and methodological knowledge, deep knowledge of pedagogy and psychology. This is manifested in the professionalism of the teacher.

Keywords: innovation, professionalism, new technologies, creative personality.

Бүгінгі таңда білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтап, білімнің халықаралық талаптарын меңгерудің маңызы үлкен. Өйткені бұл жас ұрпаққа сапалы білім берудің негізі болып табылады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту-заманның басты талабы. Президенттің жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқында-

лады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз. [1, 116]

Бүгінгі таңда білім беру саласында әртүрлі сипаттағы және бағыттағы инновациялар енгізілуде. Аздықөпті мемлекеттік жүргізіліп, мазмұнға, ұйымдастыруға оқыту әдістері мен технологияларына жаңалықтар кіруде. Білім беру жүйесіндегі инновациялар – бұл мұғалімдердің классикалық оқыту тәрбиелеу-дамыту педагогикалық ұстанымдарын сақтай отырып, уақытпен бірлесе жұмыс істеу шеберліктері. Қазақстанның қазіргі заманғы білімі, бәсекелестіктің инфокоммуникациялық технологияларды қаншалықты меңгергені және жаһандық интернет желісі жағдайында қашықтықтан өзара әрекеттесуге қаншалықты даяр екеніне байланысты болатын.

Бірақ, бұл даярлық бірден, бір уақытта туындай алмайды, ол мектептегі мұғалімдердің мыңдаған сабақ өткізулерінен жинақталады. Сондықтан қазіргі заманғы инновациялық сабақтың үлгісі деп, мұғалімдердің жинақталған мол әдістемелік тәжірибесінің интеграциясындағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы әлемдік және отандық жетістіктердің трансфертіні қамтамасыз ететін сабақты айтуға болады Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалық қағидасы бекітілген, білім мекемелерінің педагогтарына өзіне оңтайлы нұсқаны тиімділігіне қарай пайдалану мұғалімнен үлкен шеберлікті талап етеді. «Мұғалім өз білімің жетілдіріп, сабақ береді. [2, 106]

Білімдегі инновациялық процестің нәтижесі теория мен практиканың тоғысында пайда болатын – теориялықта, практикалықта жаңалықтарды пайдалану болып табылады.

Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану - өмір талабы.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И.П.Павлов «...жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын.

Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің рөлін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс.

Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді.

Инновация - кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет - білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық актілерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б.) жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Технология деген сөз грек тілінен алғанда техне – өнер, кәсіп, ғылым, логос – ұғым, оқу деген түсінікті білдіреді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады. [3, 46]

Қазіргі пән мұғалімнің негізгі міндеті - білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді. Оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, дамыту міндеттерін көздейді. Оқытушының жеке тұлғаны зерттеуіне, оны толық танып, білуге және оқытудың мақсатына жетуге тиімді, әрі нақты жол ашады.

Бүгінгі таңда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырушылардан педагогтың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, арнайы ұйымдастырылған іс-шаралар жүйесі арқылы әрбір ұстаздың мүмкіндіктерін жаңартуға бейресми, ойластырылған көзқарас талап етілуде.

Жұмыс жүйелі болмаса, қалаған нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Мектеп басшысының алдында жүйенің құрамдас бөліктерін таңдау, олардың қасиеттерін нақтылау, сондай-ақ олардың білім беру жүйесіндегі рөлі мен орнын таңдау сияқты ең маңызды міндет тұр. Сонымен қатар, жүйенің жұмыс істеуі мен дамуын материалдық-техникалық, ұйымдық-педагогикалық қамтамасыз етудің өзара байланысы мен өзара әрекеттесу жолдарын таңдау қажет.

- Басқару (талдау, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау, диагностика).
- Белсенділік (мотивтер, мақсаттар, міндеттер, мазмұн, формалар, әдістер, нәтижелер).
- Мазмұны (әдістемелік, ғылыми-теориялық, психологиялық-педагогикалық дайындық, білімді практикада қолдану үшін жағдай жасау).

Бірінші және негізгі түйін – мұғалімнің өзін-өзі тәрбиелеу жұмысы. Өзін-өзі жетілдіруге мотивациясыз оның кәсіби құзыреттілігін арттырудың жүйелі тәсілі туралы айту мүмкін емес. Ұйымдастырушылық микроқұрылымдардың, жұмыс формалары мен әдістерінің өзара байланысы диагностика, педагогикалық ұжымның деңгейін, білім беру ұйымының әрбір қызметкерінің жеке қасиеттерін жан-жақты зерделеу негізінде педагогикалық ұжым белгілеген мақсаттарға, міндеттерге, басымдықтарға сәйкес анықталады.

Педагог қызметкердің осы жеке ерекшеліктеріне сәйкес оның біліктілігін арттыру бойынша жұмыстың жеке мақсаттары, формалары, әдістері, мазмұны тұжырымдалады. Осыған байланысты және әртүрлі оқу жылдарындағы оқушылардың топтарын, уақытша шығармашылық ұжымдарды құру, сонымен қатар анықталған қиындықтарды жоюға көмек көрсетудің ұжымдық, топтық және жеке нысандарын анықтауға көмектеседі. Мұғалім әдістемелік бірлестіктің отырыстарында әріптестерін инновациялық идеялар, тәсілдер, озық тәжірибелер туралы жүйелі түрде хабардар етсе, сондай-ақ алған біліміне сүйене отырып, балалармен жұмыс істеудің тиімді әдістерін көрсететін ашық сабақтар өткізсе, курстық дайындық нәтижелерінің артуы орын алады. Осылайша, әсіресе жалпы және жеке қиындықтарды анықтау, олардың өзара байланысын және оларды шешу жолдарын анықталады. Сондықтан мұғалімнің біліктілігін арттыру іс-әрекетінде мектеп қызметкерлері арасында оң ынтасын қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі жүзеге асыруға деген қажеттілікке үлкен көңіл бөлінуі керек. Мұғалімдердің өзін-өзі тәрбиелеудегі жетекшілік етуінен бас тартуға жол берілмейді.

Жүйенің келесі деңгейі – мектептен тыс мұғалімдердің біліктілігін арттыру: жан-жақты әдістемелік көмекті қажет ететін мұғалімдерге мектеп бағдарламасының барлық пәндері бойынша бір жылдық курстар өткізетін кафедралар немесе білім беруді дамыту институттары жанындағы әдістемелік кабинеттер арқылы; бағдарламаның бірнеше негізгі және ерекше күрделі тақырыптары бойынша жұмысқа дайындықты қамтамасыз ететін тақырыптық курстар; мақсаты белгілі бір педагогикалық міндеттерді әзірлеу болып табылатын проблемалық курстар; тексеру нәтижесінде немесе аттестацияға байланысты ұйымдастырылған мақсатты курстар; Бағдарламалардың тереңдетілген тақырыптары бойынша лекция-консультациялар сұранысқа ие; Соңғы уақытта тұрақты семинарлар Білім беруді реформалау жағдайында кәсіптік қызметтің жаңа мазмұны мен жаңа технологияларды игеруге көшу және жаңа бағдарламалар бойынша қосымша білім мен дағдыларды алу мақсатында кәсіби қайта даярлау да жүзеге асырылады. Кәсіби құзыреттілігін кеңейту үшін көптеген адамдар екінші жоғары білім алуды таңдайды.

Жаңа тұрпатты мұғалім даярлауда ақпараттық технологияны пайдаланудың дидактикалық шарттар жүйесі орындалуы керек. Ол оқыту технологиясына өзгеріс енгізуді, атап айтсақ пәндер мазмұнына толықтырулар енгізе отырып, белсенді технологиялар көмегімен қолдануды қажет етеді. Жаңа тұрпатты мұғалім даярлауда ақпараттық технологияларға негізделген арнайы курстар жүргізілуі қажет, оқытудың жаңашыл ақпараттық технологиялары жалпы білімдік, базалық және кәсіби пәндерді толығымен қамтуы тиіс. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жаңа тұрпатты мұғалімді дайындаумен қатар, мұғалімдердің болашақ кәсіби қызметінде ақпараттық технологияларды еркін қолдана алатын дәрежеге жеткізе алады. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Оқу үрдісіне жаппай жаңа педагогикалық технологияның түрлері. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерту мұғалімнің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі.

Әдістемелік кабинеттердің жұмысының дұрыс ұйымдастырылған жүйесі арқылы озық тәжірибе мен ғылым жетістіктерін еңбек тәжірибесіне енгізуді бағаламау мүмкін емес, мұнда әдіскер ретінде ең тәжірибелі мұғалімдер жұмыс істейді. Дәл солар мұғалімдердің, мектеп басшыларының назарына озат мектептер мен педагогикалық қызметкерлердің инновациялық жұмысының қағидалары мен нақты әдістерін жеткізеді, пән мұғалімдеріне сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарды өткізудің озық әдістерін меңгеруде практикалық көмек көрсетеді, үлгерімі мен деңгейін бағалайды.

Көптеген мұғалімдер қарастырылып отырған мәселелерге қызығушылық танытып, педагогика ғылымының жетістіктерін тәжірибеге табысты енгізеді, жаңа әдістемелік Пайдаланған әдебиеттердің шығуын қадағалайды, іс-шаралар барысында оны меңгереді.

Соңғы уақытта мұғалімдердің практикалық іс-әрекетінде интернет ресурстарын пайдалану және әлеуметтік желілер арқылы озық педагогикалық тәжірибені тарату үрдісі байқалуда. Бұл ақпараттық ілгерілеу жылдамдығын арттырады, кәсіби қоғамдастықтың серіктестері арасында кері байланыс жасайды: кемшіліктерді тез арада түзетіп, кез келген жобаның мазмұнын толықтырады. Сонымен қатар, желіде вебинарлар кеңінен тарады, оларды шетелдік мектеп мұғалімдері сәтті пайдаланады. Онлайн курсты аяқтаған соң сертификат алуға болады. [4, 786]

Дегенмен, ең бастысы – мұғалім жұмысын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасау және ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату, мұғалімдердің, тәрбиешілердің, мектеп басшыларының біліктілігін арттыруды басқарудың маңызды және маңызды бағыттарының бірі ретінде әкімшіліктің қызметі. Білім берудегі басқарушылық қызметтің маңызды бағыттары. Бұл жұмыстың негізгі компоненттері:

- мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмысының әдістері мен формаларын меңгеру және пайдалану шеберлігін арттыру, білім берудің барған сайын күрделі мазмұнының дамуын қамтамасыз ету;
- мұғалімнің жұмыс орнын автоматтандырылған жұмыс орнының стандарттарына сәйкес келтіру және барлық деңгейде әдістемелік жабдықтау мен инновацияның жоғары деңгейін қамтамасыз ету;
- нақты қол жеткізілген нәтижелер негізінде білім беру мекемесінің даму бағытын анықтауға бейресми көзқарас.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сұрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Мұғалім қазіргі заманға лайық өзінің білім беру ісінде рухани шығармашылық ізденіспен жұмыс істеп, өмірге еніп жатқан жаңа технология мен техниканы меңгерген, білігі мен білімі жоғары ұлағатты тұлға болуы тиіс.

Біліктілікті арттырып тәжірибеге араласқаннан кейінгі мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістемесіне көшіп кетпеуі үшін мектепішілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық әдістемелік қолдау мен біріккен әрекетті жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бүгінде желілік қоғамдастықтар, әртүрлі формада тәжірибе алмасулар, ортақ ойды ортаға салатын басылымдар, іс-тәжірибені тарату жұмыстарының жүйелі жүзеге асырылууда. Бұл өз кезегінде мұғалімге кәсіби қолдау, даму, кәсіби құзыреттіліктің арттыру қолайлы факторлары болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері.- А.: Білім, 2008
2. Мұғалім // Интернет сайтынан, 2010
3. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015
4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

УДК 51-37

ГЕОМЕТРИЯНЫ ОҚИТУДА ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Макина Гульнур Усеновна,

математика пәні мұғалімі

№82 «Дарын» мамандандырылған лицейі

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

E-mail: makina.gulnura@mail.ru

Аннотация

Геометрия пәні математика курсының негізгі пәндерінің бірі. Оның мектептегі математикалық білімдегі рөлі өте маңызды және мектептегі бүкіл оқу мерзімі шамасында оқытылып келеді. Жалпы білім беру мектебінде геометрияны оқыту әдістемесі мәселелері бүгінгі күні ақпараттық технологиялардың енгізілуіне байланысты аса маңызды болып отыр.

Түйінді сөздер: геометрия, цифрлық технология, геометрияны оқыту әдістемесі, компьютерлік бағдарлама, фигураларды модельдеу